

Ауыл шаруашылығы жобаларын қоса қаржыландыруды жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 22 желтоқсандағы N 1818

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес және "1998 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 9 желтоқсандағы N 201-1 Z970201_ Заңын атқару мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы жобаларын қоса қаржыландырудың шарттары мен тәртібі бекітілсін.

2. Бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ауыл шаруашылығы жобаларын қаржыландыруға бөледі және олар қайтарымды негізде қоса қаржыландыру тәртібімен несиелік ресурстар ретінде пайдаланылады; <*>

несиелерді игеру мерзімі - 1998 жылдың 1 шілдесіне дейін деп белгіленсін;

бюджет қаражатының қайтарылуының шекті мерзімі 5 жыл деп белгіленсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді және жана абзацпен толықтырылды -

ҚРҮ-нің 1998.03.10. N 194 қаулысымен. P980194_

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен ауыл

шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісе отырып жоғарыда көрсетілген несиелерге қызмет көрсетуге екінші деңгейдегі банктердің арасында тендер өткізсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі банктердің несиелік келісімдер шарттарын орындауына бақылау жасайтын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1818 қаулысымен
бекітілген

Ауыл шаруашылығы жобаларын қоса қаржыландыруды
жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі

1. Жалпы шарттар

1. Осы Шарттар мен тәртіп "1998 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 9 желтоқсандағы N 201-1 Заңында "Өтеу шегерілген несиелендіру" жіктемесі бойынша ауыл шаруашылығы өндірушілеріне қолдау көрсетуге арналып көзделген 2 500 000 000 (екі миллиард бес жүз миллион) теңге сомасындағы қаражатты пайдаланудың негізгі тәртібін айқындайды.

2. Бюджет қаражаты ауыл шаруашылығы жобаларын қаржыландыруға орталықтандырылып беріледі және қайтарымды негізде қоса қаржыландыру тәртібімен уәкілетті банктермен (бұдан әрі - Банктер) бірге несиелік ресурстар ретінде пайдаланылады. <*>

бюджет қаражатының қайтарылуының шекті мерзімі 5 жыл деп белгіленсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді және жана абзацпен толықтырылды -

ҚРҰ-нің 1998.03.10. N 194 қаулысымен. P980194_

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Қаржымині) мен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауылшармині) өкілі болатын Қазақстан Республикасының Үкіметі және Банктер ауыл шаруашылығы жобаларын қоса қаржыландыруға тең үлес (ауыл шаруашылығы жобасы құнының 50 проценті) қосады.

4. Қаржымині ауыл шаруашылығы жобаларының құнындағы өзінің несиелік ресурстарының үлесін сыйақысыз (мүддесіз) Банктерге береді. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.03.10. N 194 қаулысымен.

P980194_

5. Банктер ауыл шаруашылығы жобаларының құнындағы өзінің несиелік ресурстарының үлесін жылына 20 процентке дейін ставкасы бойынша береді. <*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.03.10. N 194 қаулысымен.

P980194_

6. Қаржымині, Ауылшармині және Банктер оған сәйкес Банктер Қаржыминінің алдында толық жауаптылықта болатын, яғни ауыл шаруашылығы жобаларын қоса қаржыландыруда несиелік ресурстар ретінде пайдаланылған бюджеттік қаражатты қайтаруға өзінің кепілдігін беретін тиісті келісім жасасады.

7. Несиелерге қызмет көрсету жөніндегі уәкілетті банктерді іріктеуді Қазақстан

Республикасы Ұлттық банкінің ұсынымы бойынша Қаржымині мен Ауылшарминінің тендерлік комиссиясы жүзеге асырады.

8. Банктер несиелік ресурстарын түпкілікті заемшыларға Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес кепілдікпен қамтамасыз етуге бес жылға дейін мерзімге сыйақысы (мүддесі) жылына 10 проценттен аспайтын ставка бойынша, сыйақыны (мүддені) бірінші жылдан бастап, негізгі борышты - тең үлестермен, несиелендіру мерзімінің екінші жартысынан бастап төлей отырып, түпкілікті заемшының келісімімен негізгі борышты мерзімінен бұрын өтеуге мүмкіншілік бере отырып береді.

Төлемдер жылына бір рет - әр жылдың 1 желтоқсанында жүзеге асырылады. <*>

9. <*>

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ жаңа редакцияда, 9-тармақ алынып тасталды -

ҚРҰ-нің 1998.03.10. N 194 қаулысымен. P980194_

II. Қаражатты игерудің бағыты

10. Несиелік ресурстар ауыл шаруашылығы техникаларын, асыл

тұқымды және мол өнім беретін мал, тұқым сатып алуға, сақтандыру компаниясына несиелендірілген қызмет түрі бойынша сақтандыру төлемін төлеуге сондай-ақ жалақыны қоспағанда айналымдық қаражатты толтыруға, бюджет пен бюджеттен тыс қорларға кез келген берешектер мен төлемдерді өтеуге бөлінеді.

<*>

Жеке айналым қаражатын толықтыруға несиелендіру мерзімінің ішінде бір жылдан аспайтын мерзімге берілсін (револьверлі).

<*>

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді, толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.03.10.

N 194 қаулысымен.

P980194_

III. Жобаларды қабылдаудың, қараудың,
мақұлдаудың және несиелік ресурстарды
бөлудің тәртібі

11. Түпкілікті заемшылар Банкілерге ұсынатын құжаттарға талаптарды өзі қабылдаған несие саясатына сәйкес Банктің өзі белгілейді.

12. Әлеуетті заемшы өз қалауы бойынша уәкілетті Банкке осы Шарттардың 10-тармағына сәйкес Ауылшарминінің салық сараптық қорытындысын қоса алғанда тиісті құжаттар пакетін, тиісті органдардың бюджет пен бюджеттен тыс қорлардың алдында берешегі жоқ екендігі туралы құжаттамалық растауын ұсынады.

13. Қоса қаржыландырылатын жобалардың құны тәртіп бойынша 50 000

(елу мың) АҚШ доллары баламынан аспауы тиіс.

<*>

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.03.10. N 194 қаулысымен.

P980194_

14. Банктің қалауы бойынша жоғары тиімді жобаларды қоса қаржыландыру үшін құны 50 000 (елу мың) АҚШ доллары баламынан жоғарыға Қаржыминімен және Ауылшарминімен келісу талабы қажет етіледі.

Қызметі ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен байланысты ұйымдарға ауыл шаруашылығы жобаларын қоса қаржыландыру бағдарламасына қатысу құқығы берілсін.

<*>

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгерді, толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.03.10.

N 194 қаулысымен.

P980194_

IV. Мақсатты пайдаланылуы мен өтелуіне
бақылау жасау

15. Қаржымині мен Ауылшармині банктер несиелік ресурстар ретінде пайдаланатын бюджеттік қаражаттың уақтылы және мақсатты пайдаланылуына және несиелік келісімдер шарттарының орындалуына бақылау жасауды жүзеге асырады.

16. Қаржымині, Ауылшармині және Банктер арасында жасалатын несие келісімдерінде (келісім шарттарында) "Банктердің несие ресурстарын мақсатқа сай пайдаланбағаны үшін Қаржымині барлық несие сомасының 25 проценті мөлшерінде айыппұл есептейді. <*>

17. Қаржымині, Ауылшармині және Банктер арасында жасалатын несие келісімдерінде (келісім-шарттарында) "Несие ресурстарын:

Банктердің мақсатқа сай пайдаланбауы фактісі анықталған жағдайда - олар несие ресурстары ретінде пайдаланылатын бюджет қаражатының бүкіл сомасын және айыппұл санкциясы сомасын үш банктік күн ішінде Қаржыминінің есебіне аударуға міндетті;

Заемшылардың мақсатқа сай пайдаланбағаны фактісі анықталған жағдайда - Банктер заемшылардан үш банктік күн ішінде несие ресурстарының бүкіл сомасын және айыппұл санкциялары сомасын өндіріп алуға және несие ресурстары ретінде пайдаланылатын бюджет қаражатын және айыппұл санкцияларының тиісті сомасын Қаржыминінің шотына аударуға міндетті" деген тармақ міндетті түрде көзделетін болсын. <*>

ЕСКЕРТУ. 16,17-тармақтары жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.03.10.

N 194 қаулысымен. P980194_

18. Қаржымині Банктерге бюджеттік қаражаттарды бөлуді қоса қаржыландыруға қабылданған жобалар бойынша ғана жүргізеді. Банктер 15 күннің ішінде несиелік ресурстар ретінде пайдаланылатын бөлінген бюджеттік қаражаттарды игермеген (алдын ала төлеу жүргізілмеген, аккредитив ашылмаған, кепілдік немесе вексель берілмеген, берушілермен есеп айырысудың басқа да нысандары жүргізілмеген) жағдайда олар қаржыминінің шотына қайтарылуға жатады.

19. Банктер несиелік қаражатты белгіленген мерзімде игермеген жағдайда бюджеттік қаражатты пайдаланудың одан арғы тәртібін Қаржымині мен Ауылшармині айқындайды.